

Алмалы ауылының кейбір көшелеріне атаулар беру туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Алмалы ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 144 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 қазанда № 3650 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, Алмалы ауылдық округі халқының пікірін ескеріп және Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 13 сәуірдегі қорытындысы негізінде Алмалы ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Алмалы ауылының атаусыз көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) Алмалы ауылының шығыс бетіндегі солтүстіктен оңтүстікке қарай орналасқан № 1 көшеге "Жәңгір хан" атауы;
- 2) Алмалы ауылының шығыс бетіндегі солтүстіктен оңтүстікке қарай орналасқан № 2 көшеге "Жәнібек хан", атауы;
- 3) Алмалы ауылының Бейбітшілік көшесіне параллель көшеге "Доспанбет жырау" атауы;
- 4) Алмалы ауылының шығыс бетіндегі солтүстіктен оңтүстікке қарай орналасқан № 3 көшеге "Мұстафа Өзтүрік" атауы;
- 5) Алмалы ауылының шығыс бетіндегі солтүстіктен оңтүстікке қарай орналасқан № 4 көшеге "Балуан Шолақ" атауы;
- 6) Алмалы ауылының оңтүстік бетіндегі шығыстан батысқа қарай орналасқан № 1 көшеге "Шара Жиенкұлова";
- 7) Алмалы ауылының оңтүстік бетіндегі шығыстан батысқа қарай орналасқан № 2 көшеге "Ғарифолла Құрманғалиев";
- 8) Алмалы ауылының шығыстан батысқа қарай орналасқан № 1 көшеге "Ғали Орманов" атауы;
- 9) Алмалы ауылының шығыстан батысқа қарай орналасқан № 2 көшеге "Мұқан Төлебаев" атаулары берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК